

АНЫҚТАМА

сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне
жүргізілген ішкі талдау туралы

30 шілде 2025 жыл

Атырау қаласы

«№5 Атырау қалалық емханасы» ШЖҚ КМК қызметінде (бұдан әрі - Емхана) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жұмыстары - «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» 21.07.2025 жылғы №382 бұйрыққа сәйкес жүргізілді.

Негіздеме: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі Төрағасының 19.10.2016-ғы №12 бұйрығы мен емхана директорының 02.09.2024 жылғы №84 н/қ бұйрығы.

Мақсаты: Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептердің туындау мүмкіндігін анықтау, зерделеу және олардың салдарларын жою.

Кезеңі: 01.01.2025-30.07.2025 жыл.

Мерзімі: 21.07.2025-30.07.2025 жыл.

Талдау бағыты:

1. Емхана қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.
2. Емхананың ұйымдастырушылық - басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Талдау объектісі туралы мәлімет

Толық атауы: Атырау облысы денсаулық сақтау басқармасының «№5 Атырау қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны.

Құрылтайшысы: Атырау облысының әкімдігі.

Басқару органы: «Атырау облысы денсаулық сақтау басқармасы» ММ.

Миссиясы: халық денсаулығын сақтау мен нығайту үшін қолжетімді және сапалы медициналық көмекті көрсету, сондай-ақ азаматтардың денсаулығын сақтау құқығын іске асыруын қамтамасыз ету болып табылады.

Нормативтік құқықтық актілер: емхана - өз қызметінде ҚР Конституциясын, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексін, ҚР Азаматтық, Еңбек Кодекстерін, ҚР «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңын, өзге де нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады.

Орналасқан жері: 060027, Атырау қаласы, Әйтеке би көшесі 24.

1. Нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері

Жүргізілген ішкі талдау барысында емхананың қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен нормалар, оның ішінде лауазымды тұлғалардың өз қалауы бойынша шешім қабылдауына әсер ететін, жеке және заңды тұлғалардың өз құқықтарын жүзеге асыруына кедергілер жасауға ықпал ететін ережелер, заңдылықтарды еркін түсіндіру мүмкіндігін тудыратын құқықтық олқылықтар анықталған жоқ.

2. Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

Емхана құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамалық талаптарға сәйкес белгіленеді.

Қазіргі уақытта штат саны 315,75. Оның ішінде дәрігерлер саны – 75,5, орта медицина қызметкерлері - 177,25, кіші медицина қызметкерлері – 11, өзге де персоналдар – 52

Ішкі талдау жұмыстары - емхана қызметкерлерімен Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 18 қарашадағы №198/2020 бұйрығымен бекітілген «Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, сондай-ақ еңбекке уақытша жарамсыздық парағын немесе анықтамасын беру туралы» қағидаларының қолданылуы мен сақтау тәртібіне бағытталды.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі тарапынан қағаз құжаттарды пайдалануды оңтайландыру және азайту мақсатында еңбекке уақытша жарамсыздық парағы мен анықтамасын электрондық форматқа көшіру бағытында белсенді жұмыстарды жүргізу жүктеліп, қағаз тасығыштағы медициналық құжаттарды алып тастауды іске асырудың алдын ала мерзімі - 2025 жылғы 1 сәуір болып белгіленген.

Негізгі мақсаты - азаматтардың медициналық мекемелермен және билік органдарымен өзара іс-қимылын жеңілдету, сондай-ақ медициналық қызметтердің ыңғайлылығы мен қолжетімділігін арттыру болып табылады.

Алайда, осы кезең аралығында жауапты мамандармен 4363 жеке тұлғаға еңбекке уақытша жарамсыздық парағы ресімделгенімен, электрондық форматтағы мемлекеттік қызмет көрсету тетігі іске қосылмаған.

Одан бөлек, медициналық құжаттардың, оның ішінде 075/е - медициналық анықтама, 026/е- дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы, 073/е - көлік құралын басқаруға рұқсат алу туралы анықтама, 069/е - санаторийлік-курорттық карта, 052-2/е - баланың денсаулық паспорты, 076/е - азаматтық және қызметтік қаруды сатып алуға, сақтауға, сақтауға және алып жүруге рұқсат алу үшін медициналық қарап-тексеру қорытындысы, 038/е - еңбекке уақытша жарамсыздық туралы анықтамалар бойынша цифрлық форматқа ауыстыру жұмыстары басталмаған.

«Жеке медициналық кітапшаларды беру, есепке алу және жүргізу қағидаларын бекіту туралы» ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 16 қарашадағы №196 бұйрығына ҚР ДСМ 13.03.2024 жылғы №9 бұйрығымен енгізілген өзгерістерге орай (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізілді), жеке медициналық кітапша – жұмысқа жіберу туралы белгі қойылып, міндетті медициналық қарап-тексерулердің нәтижелері енгізілетін, түрі мен ақпаратын (деректерін) электрондық-цифрлық нысанда толық жаңғыртатын дербес құжат болып табылады.

Бұйрықтың 3-тарауына сәйкес, жеке медициналық кітапшаны есепке алу және жүргізу медициналық ақпараттық жүйедегі электрондық есепке алу журналында жүргізілуі тиіс.

Бұл азаматтардың медициналық тексеруден өту уақыты мен қаражатын үнемдеуге, сондай-ақ, бір құжатты бірден бірнеше мекемеге ұсынуға мүмкіндік беретін электрондық форматтағы тәсіл болып табылғанымен, жеке медициналық кітапшаларды беруді автоматтандыру (онлайн-форматқа көшіру) процесі жүргізілмеген.

Аталған есепке алу құжаттамаларын медициналық ақпараттық жүйеде тіркеп, интеграция сервисі арқылы өзектендіру - өз кезегінде, көрсетілетін мемлекеттік қызметтің ашықтығын қамтамасыз ете отырып, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептердің туындау мүмкіндігінің алдын алады.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 18 қарашадағы № 198 бұйрығында «Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, сондай-ақ еңбекке уақытша жарамсыздық парағын немесе анықтамасын беру» тәртібі көзделген.

Еңбекке уақытша жарамсыздық парағы – бұл адамдардың еңбекке уақытша жарамсыздығын куәландыратын, жұмыстан уақытша босату және еңбекке уақытша жарамсыздығы бойынша жәрдемақы алу құқығын растайтын құжат болып табылады.

Бұйрықтың 5-тармағының 2-тармақшасына сәйкес, еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу кезінде медицина қызметкері (дәрігер, орта медицина қызметкері) пациенттің еңбекке уақытша жарамсыздық мерзімдерін айқындайды.

Бұйрықтың 57-тармағының 6-тармақшасына сай, әйел жүктілік кезеңінде еңбекке уақытша жарамсыздық парағына жүгінген кезде жүктілікке және босануға байланысты демалыс жүктіліктің 30 аптасынан бастап ұзақтығы 126 күнтізбелік күнге есептеледі.

ҚР Еңбек кодексінің 99-бабында: жүктілікке және босануға байланысты демалыс ұзақтығы: қалыпты босанған кезде – босануға дейін күнтізбелік 70 күнге және босанғаннан кейін күнтізбелік 56 күнге берілетіндігі көрсетілген.

2025 жылдың өткен мерзімінде емхана қызметкерлеріне қатысты 283 еңбекке уақытша жарамсыздық парағы ресімделген, оның ішінде дәрігерлерге - 42, орта медицина қызметкерлеріне - 83, өзге де персоналдарға - 42.

Талдау барысында жоғарыда аталған нормативтік құқықтық актілердің талаптарының сақталмау жағдайлары 2025 жылы ресімделген сериялық №9371236, №9369584, №9368205, №9459569, №1296869 санды қызметкердің жүктілігі мен босануы бойынша еңбекке уақытша жарамсыздық парақтарында орын алған.

Бұқаралық ақпарат құралдарында емхана қызметкерлерінің әрекетіне қатысты оның ішінде интернет-ресурстарында, әлеуметтік желілерде, facebook, Instagram парақшаларында сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын сыни немесе жағымсыз материалдар жарық көрмеген.

Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағыты бойынша жемқорлық тәуекелдігіне шалдыққан тұлғалар, мүдделер қақтығысының, оның ішінде лауазымды тұлғаның жеке мүдделері олардың өз міндеттерін немесе өкілеттіктерін тиісті, объективті және бейтарап орындауына әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін жағдайлар және қызметкерлердің үлестес болу фактілері анықталған жоқ.

Аталған мерзім ішінде емхана қызметкерлерімен сыбайлас жемқорлық сипатындағы әрекеттерге, сондай-ақ әдептілік нормалары мен мінез-құлық қағидаларының талаптарын бұзу жағдайларының орын алуына жол берілмеген.

Емхананың ресми сайтына ішкі талдау жұмыстары жөніндегі жарияланған хабарландыру бойынша да қандай да бір ақпараттар келіп түспеген.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі.

Емхана қызметінде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат, мүдделер қақтығысын болдырмау және реттеу жөніндегі саясат, корпоративтік әдеп және мінез-құлық кодексі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы ереже, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық бекітілген.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған ұжымдық кездесулер әр тоқсан сайын, 6 наурыз 2025 жылы, 24 маусым 2025 жылы, 24 шілде 2025 жылы тұрақты түрде ұйымдастырылған.

Кездесу барысында қолданыстағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарына, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және сыбайлас жемқорлықтың профилактикасы мен оған қарсы күрес мәселелері бойынша құқықтық-ақпараттық түсіндіру іс-шаралары жүргізілген.

ҚОРЫТЫНДЫ:

- талдау нәтижесі бойынша «№5 Атырау қалалық емханасы» ШЖҚ КМК қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

ҰСЫНЫС:

- өз құзыреті шегінде емхананың әрбір қызметкері сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы тұруға, алдын алуға және оған жол бермеуге;
- ұжымда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға;
- ішкі талдау нәтижелерін жария талқылау үшін емхананың ресми сайтына орналастыруға.

**«№5 Атырау қалалық
емханасы» ШЖҚ КМК**